

Қазақстан Республикасы ИМ
М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
бастығының
2020ж. «14» 01 № 11
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының
Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа
жұмысын ұйымдастыру бөлімінің
Е Р Е Ж Е С І**

1. Жалпы ереже

1. Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе институтының ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын жүргізуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Бөлім өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдарын, Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе институтының Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Бөлім ғылыми, профессорлық-оқытушылық құрамның және курсанттар мен тыңдаушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын (бұдан әрі - ҒЗЖ) жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

**2. Бөлімнің негізгі міндеттері,
функциялары, құқықтары мен міндеттері**

4. ИМ-нің салалық ғылыми бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша тапсырмаларын, ИМ-нің тапсырмаларын, институттың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жоспарын (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ жоспары), ғылыми, оқу және оқу-әдістемелік басылымдарды дайындаудың тақырыптық жоспарын орындау кезінде институт қызметкерлерінің қызметін үйлестіру.

5. Жүргізілетін зерттеулердің сапасын және олардың нәтижелерінің практикалық қызмет пен оқу орындарының оқу үрдісіне уақтылы енгізілуін бақылау.

6. Институттың ҒЗТҚЖ жоспарларын дайындауды қамтамасыз ету.

7. Институт бөлімшелерінің ҒЗЖ қызметін талдау және оны әрі қарай жетілдіру бойынша іс-шараларды әзірлеу үшін оның қорытындыларын жинақтау.

8. ҒЗЖ жоспарындағы мәселелерді бірлесіп дайындау мақсатында кешенді зерттеулерді жүзеге асыруда, басқа жоғары оқу орындарымен, тәжірибелік органдармен байланыс жасайды, кешенді зерттеулерді жүзеге

асыру, үздік үлгілермен алмасулар және ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін ішкі істер органы тәжірибесі мен оқу үрдісіне енгізу.

9. Профессорлық-оқытушылық құрам мен курсанттар үшін және тыңдаушылар үшін халықаралық, ЖОО-лық, республикалық ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру.

10. Өзге ЖОО-лармен, ұйымдармен ұйымдастырылған түрлі ғылыми-өкілдік іс-шараларға (ғылыми-теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, доңгелек үстелдерге және т.б.) қатысуы үшін институт қызметкерлері мен курсанттарына және тыңдаушыларына әдістемелік көмек беру және қолдау көрсету.

11. Орналаcқан ғимаратта орт қауіпсіздігінің сақталуын бақылау.

12. Бөлімдегі қызметкерлер арасында жұмылдыру және азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру.

13. ҒЗжРБЖҮБ қызметкерлері институттың Ғылыми, Оқу-әдістемелік және Редакциялық-баспа кеңестеріне (бұдан әрі - РБК) сайлануға құқылы.

14. Оқу әдістемесін жетілдіруге бағытталған оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және баспа қызметтеріне қатысты маңызды мәселелер мен сұрақтарды қарастыруға қатыса алады.

15. Оқу әдістемесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды енгізуге құқылы.

16. Басылымнан шығарылатын жұмыстардың мазмұны мен рәсімдеу тәртібін анықтайды.

17. Институтта шығарылатын оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге қолдану мақсатында баспа және дизайнер саласында жаңа әдістерді қолданады.

18. РБК қолжазбаны бағалағаннан кейін авторға жұмысқа толықтырулар енгізуге, жабық сын-пікірге, қолжазбаны қабылдамауға және қолжазбаны баспадан шығару үшін редакциялауға ұсыным жасайды.

19. Оқу залдарын, кітапханалар мен әскери-спорттық ғимараттарды пайдалануға құқылы.

20. Институт кафедраларының ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмыстарын үйлестіреді, сонымен қатар, оның жүзеге асырылуына сапалығына бақылау жасайды.

21. Институт басшылығына жылдық есепті бекітуге ұсыну үшін бөлімшелер бойынша ҒЗТКЖ жоспарларының орындалу нәтижелерін жинайды және талдау жасайды.

22. Институттың ғылыми жетістіктері туралы хабарламалық материалдар дайындауды ұйымдастыруға және оларды оқу үрдісі мен тәжірибелік органдар қызметіне қолдануға мүмкіндік жасайды.

23. Оқулықтар, оқу әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді редакциялау және баспадан басып шығаруды дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

24. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін практикалық қызметке және оқу үрдісіне енгізу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының

аумақтық бөлімшелерімен, жоғары оқу орындарымен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

25. Бөлім бастығы белгілеген шекте іс жүргізеді.

26. Құпия режим талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

27. Жауынгерлік, қызметтік және дене дайындығы бойынша сабақтарға қатысуы тиіс.

28. Бөлімнің әр қызметкері өзіне жүктелген қызметтің жоғары тиімділігіне, ғылыми-зерттеу жоспарларының және тақырыптық жоспарлардың орындалуына, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің, институт бастығының және институт бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының бұйрықтары мен нұсқаулықтарының орындалуына тікелей жауап береді.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

29. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерді иеленеді.

30. Бөлімді Еңбек кодексі және Қазақстан Республикасының "Құқық қорғау қызметі" Заңымен бекітілген тәртіпке, қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бастық басқарады.

31. Бастық Бөлім қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады.

32. Бөлімнің бастығы институт басшылығына бөлім құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар енгізеді.

33. Бөліміс құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Орталық атынан институттың басқа құрылымдылық бөліністеріне жіберілетін құжаттарға институт бастығының орынбасары, ол болмаған жағдайда оны алмастыратын тұлға қол қояды.

34. Бөлім өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентінің Жарлықтарын, қолданыстағы заңдарды, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің нормативтік актілерін, институттың Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

35. Бөлімінің кадрлық құрамы:

1. Бөлім бастығы – 1 бірлік.
2. Ғылыми қызметкер – 1 бірлік.
3. Редактор – 1 бірлік.
4. Корректор – 1 бірлік.

4. Бөлімге басшылық жасау

36. Бөлімге жалпы басшылық етуді институт бастығының орынбасары, ал тікелей басшылық етуді бөлім бастығы жүзеге асырады.

37. Бөлім бастығы бөлімнің жұмысына толық жауап береді және бөлімде дұрыс моральдық-психологиялық қарым-қатынастың болуын қадағалайды.

38. Бір жылға арналып жасалған және институт бастығымен бекітілген институттың ҒЗЖ жоспары мен бөлім жоспары бөлім қызметінің ұйымдастырушылық негізі болып табылады.

5. Бөлім қызметіне бақылау жасау

39. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары мен тақырыптық жоспарларының, сонымен бірге, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің және Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бұйрықтары мен жарлықтарының орындалуына жалпы бақылауды институт бастығының орынбасары жүзеге асырады.

Институт Ғылыми кеңесінің отырысында талқыланды және мақұлданды
20 19 ж. « 31 » 12 , № 20 хаттама